





***ҚЕХС (IFRS 1)
Халықаралық қаржылық
есептіліктің
стандарттарын Бастапқы
Қолдану***




**ҚЕХС өту күні кәсіпорын ҚЕХС (IFRS)
бойынша бірінші рет дайындаған өзінің
қаржылық есептілігінде қаржылық
есептіліктің халықаралық стандарттарына
сәйкес толық салыстырмалы ақпарат
ұсынатын ең ерте кезеңнің басы.**

ҚЕХС (IAS 8)

Есеп саясаты, бухгалтерлік есеп бағалауларында болатын өзгерістер мен қателер




Есеп саясаты – бұл кәсіпорын қаржы есептілігін дайындау және ұсыну үшін қолданатын нақты қағидаттар, негіздер, келісімдер, ережелер және тәжірибе.



Ұйым өзінің есеп саясатын тек мына жағдайларда ғана өзгерте алады:


- а) ХҚЕС-мен талап етілген; немесе**
- (б)егерде бұл өзгеріс сенімді және неғұрлым маңызды ақпарат беруіне әкеп соғатын болса.**



Ретроспективтік қолдану – бұл жаңа есеп саясатын операцияларға, басқа оқиғаларға және жағдайларға осы саясатты үнемі қолданылатындай түрде қолдану болып табылады.

Өткен кезеңнің қателері – бұл ұйымның бір немесе одан көп кезеңдегі мынадай сенімді ақпаратты пайдаланбауы немесе қате пайдалануы салдарынан қаржы есептілігіндегі қателер және сенімсіз деректер.

Мұндай қателерге есептеулердегі дәлсіздіктердің, есеп саясатын қолдану кезіндегі қателердің, фактілерді толық бағаламаудың немесе дұрыс түсіндірмеудің, сондай-ақ алаяқтықтың салдары кіреді.



Ретроспективтік қайта есептеу – бұл өткен кезеңнің қателері ешқашан болмаған жағдайда, қаржы есептілігінің элементтеріндегі сомаларды тануды түзету, бағалау және ашып көрсету.


Бағалаудағы есептік өзгеріс – бұл активтің немесе міндеттемелердің қаржы есептілігі туралы есептік құнын немесе активті кезең-кезеңмен тұтынуда активтердің және міндеттемелердің ағымдағы жай-күйін бағалау салдарынан болатын, сондай-ақ оларға байланысты күтілетін болашақ пайдалар мен міндеттерге байланысты өлшемін түзету.

- *Бағалаудағы есептік өзгеріс* мысалы:
- сенімсіз борыштарды;
- босалқылардың ескіруін;
- қаржы активтерінің немесе қаржы міндеттемелерінің әділ құнын;
- қызмет ету мерзімдерін немесе амортизацияланған активтерден
- экономикалық пайда алудың күтілетін сызба нұсқасын; және
- кепілдік берілген міндеттемелерді.



ҚЕХС (IAS 10)

Есепті күннен кейінгі оқиғалар



Есепті күннен кейінгі оқиғалар –
бұл есепті күн мен қаржы есептілігін
шығаруға бекіту күні арасындағы кезеңде
болатын қолайлы, сондай-ақ қолайсыз
оқиғалар.

Есепті күннен кейінгі оқиғалар екі түрге бөлінеді:

a) есепті күні болған жағдайларды растайтын (*есепті күннен кейінгі түзетілетін оқиғалар*) оқиғалар; және

b) есепті күннен кейінгі туындаған жағдайларды куәландыратын (*есепті күннен кейінгі түзетілмейтін оқиғалар*) оқиғалар.